

Жанұя жарасымы - сыйластық

Отбасы құндылығын басты орынға қойған жан – Гүлбике Ахатова

Елімізде қыркүйектің үшінші жексенбісі - Аналар күні. Ұрпақ тәрбиелеп, шаңырақтың ұйытқысы болып отырған ақ жаулықты әйелдер қауымына, алғыс айту идеясы бірнеше жылдан бері тойланып келеді.

«Әйел, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген дана халқымыз. Баланы дүниеге әкеліп, дұрыс тәрбие беру, отбасының берекесін келтіру-әйел баласының міндеті.

Бүгінгі біздің мақаламыздың кейіпкері төрт ұл тәрбиелеп отырған көп балалы ана. Жанұясының шуағына айналып, айналасына шуағын шашқан аяулы ана, асыл жар Гүлбике Ахатова.

Гүлбике Тілеубергенқызы 2006 жылы үлкен әулеттің келіні атанған. Сол уақыттан бері өзінің келіндік міндетін басты орынға қойып, түскен елінің абыройын асқақтауға тырысуда.

Алғаш келін атанған сәттен бері енесі Қалама апай келіні Гүлбикеге дұрыс бағдар беріп, ақылын аямаған көрінеді. Енесінен үйрегені, бойына дарытқаны, тоқығаны молынан екен. Бүгінде



ене мен келіннің арасында үлкен сыйластық пен қолдаудың бары байқалады.

- Келін болып түскен сәттен ата-енем мені туған қыздарындай қарсы алды. Жандары жайсаң, жақсы адамдар. Екінші анама айналған енемнен көп нәрсе үйрендім. «Білетінім – біреу, білмейтінім – тоқсан тоғыз» демекші, ата-анамдай болған асыл адамдарға әрдайым басымды иемін. Қазақтың кеңпейіл аналарының ізгі жолының жалғаушысындай болған енем әрдайым

ұлттық дәстүрімізді үлгі етеді. Менде отбасымда барынша дәстүрімізден аттамай, барлық қағида мен салтымызды ұстануға тырысудамын, - дейді Гүлбике Ахатова.

Біздің қоғамда бесік жырын тыңдап өспеген қазақ баласы кемдекем-ау, сірә. Бүгінде көп балалы ана атанған біздің кейіпкеріміз Гүлбике де әжесінің тәрбиесін көріп өскен. Әжесі Сәбира он бір баланы дүниеге әкелген алтын құрсақты ана. Әрқашан балаларының бойына қазақилық пен ұлтжандылықты сіңіртіп,

адалдыққа тәрбиелеген. Немересі Гүлбикені ерекше жақсы көріп, өнегелі әңгімесін айтып, мейірлене маңдайынан иіскеген.

Көпті көрген әженің тәрбиесін алып, бесік жырын тыңдап өскен баланың жаман болып өспейтіні белгілі. Әженің тәрбиесін алып, татулығы жарасқан ауылда туып-өскен Гүлбике бүгінде берекесі мен бірлігі жарасқан үлкен әулеттің, үлкен келіні. Өз Отанының түтінін түзу ұшырып, отбасындағы шаңырақты шалқытып, өмірлерін ізгілікпен өріп, сыйластық-

тың жібін жалғап келеді.

Жолдасы Мейрасбек Тобылжанұлы шаңырақтың тірегі. Өмірдің бар қиындығы мен қызығын бірге көрген Гүлбике мен Мейрасбек үшін отбасы құндылығы басты орында. Әкелері ұлдарына жақсы тәрбие берсе, аналары перзенттеріне жылулық пен сүйіспеншілік сыйлауда. Ұлдары да ата-аналарына аса құрметпен қарауда.

Бұл отбасында Нұрдәулет, Нұрболат, Нұрбек, Нұрәли атты төрт азамат өсіп келеді. Ата-анасына қарап бой түзеген ұлдар-

дың бойынан үлкенге деген құрметті, ұлтжандылық пен қазақи тәрбиені аңғаруға болады. Бұл ата-ананың берген дұрыс тәрбиесінен болар.

- Біздің отбасымызда ұлдардың тәрбиесімен отағасы айналысады. Мен жанұямының берекесін келтіріп отырсам, әкелері тәрбиеге өте үлкен мән беруде. Дегенмен, аналық ақылмды айтып, балаларыма дұрыс жол сілтеуге тырысамын. Ақыл мен жақсы кеңес беретін үлкен кісілеріміз, ата-әжелері бар. Өзімде әжемнің тәрбиесін көріп өскен баламын. Балаларымыз кішкентайдан атасы мен әжесінің айтқандарына құлақ түретін болса, болашағы жарқын әрі жақсы істермен байланысты болады, - дейді көп балалы ана.

Жанұя қоғамның ең маңызды құрылымы екені баршамызға белгілі. Әрбір отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік қаншалықты мықты болса, қоғамның діңгегі де соншалықты берік болары сөзсіз. Гүлбике мен Мейрасбек Ахатовтардың отбасында сүйіспеншілік, түсіністіктің мықты екеніне көзіміз жетті. Әрқашан бұл отбасына береке мен ажырамас бірлік тілейміз.